

"2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңдегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету туралы" Жалағаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі N 103 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі N 330 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 15 қазанда N 10-6-167 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы N 82 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011.03.28 N 82 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңдегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету туралы" Жалағаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі N 103 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің 2010 жылғы 6 сәуірде N 10-6-146 болып тіркелген, 2010 жылғы 10 сәуірде N 28, 2010 жылғы 14 сәуірде N 29 "Жалағаш жаршысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасымен құрылған Аудандық шақыру комиссиясының құрамына енгізілсін:

Төребаева Күміс -"Жалағаш аудандық емхана" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның мейірбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша);

м ы н а :

"Каметов Ханзулла Садуақасұлы -"Жалағаш аудандық емхана" мемлекеттік мекемесінің бас дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы, (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Каметов Ханзулла Садуақасұлы -"Жалағаш аудандық емхана" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы, (келісім бойынша)";

көрсетілген қаулының 2-қосымшасымен құрылған Аудандық шақыру комиссиясының құрамындағы адамдар уақытша болмаған жағдайда (

сырқаттануы, демалыс, іссапар және тағы басқалар) оларды ауыстыратын қосымша аудандық шақыру комиссиясының құрамына енгізілсін:

Үдербаева Назгуль -"Жалағаш аудандық емхана" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның мейірбикесі комиссия хатшысы (келісім бойынша);

м ы н а :

"Лаубаева Гүлжахан Сейтқасымқызы -"Жалағаш аудандық емхана" мемлекеттік мекемесі бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрайымы, (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Лаубаева Гүлжахан Сейтқасымқызы -"Жалағаш аудандық емхана" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрайымы, (келісім бойынша)";

6-тармақтың 1) тармақшасындағы "аяжандардың" деген сөз "мейірбикелердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

аталған комиссиялар құрамынан Н.Сайлыбаева, Л.Ким шығарылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Қ. Бекенов